

Издается с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

22 февраля
2023 года
СРЕДА
№ 15 (1512)

СТР. 5



Команда карагандинских спасателей вернулась из Турции

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в [sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti), [sarangazetikaz](https://www.instagram.com/sarangazetikaz), [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖИЗНЬ ГОРОДА

Памяти погибших шахтеров посвящается

О. Свиргун
Фото Камилы ОСПАНОВОЙ

**Мужская есть профессия – Шахтер...
Отчаяннее нет ее на свете!
В. Панфилов**

20 февраля у Саранского Мемориала погибшим шахтерам состоялся традиционный Митинг Памяти.

Почтить память погибших шахтеров пришли аким города Сарани Ержан Темирханов, почетный гражданин города Сарани, ветеран угольной промышленности Ж.Ашимов, директор шахты «Саранская» С. Бамиллер, технический директор УД «Арселор Митал Темиртау» А. Белый, председатель профсоюзного комитета шахты «Саранская» А.Краус. В митинге приняли участие ветераны шахтерского труда, председатель РОО «Совет ветеранов города Сарани» Ж.Токушева, имам Саранской городской мечети М. Саликов, настоятель церкви святителя Тихона города Сарани В. Бухлеев, родственники, друзья погибших горняков, СМИ.

Шахтеры всегда платят высокую цену за добытый уголь – своим здоровьем, а иногда и своей жизнью.



45 лет прошло со дня страшной трагедии... 20 февраля 1978 года внезапный выброс газа метана на шахте «Сокурская» повлек за собой смерть 72 горняков. Это трагическое событие объединило всех жителей нашего города, оставив глубокий след в сердцах людей.

Открывая митинг, почетный гражданин города Ж.Ашимов отметил: «Становление Сарани – это результат развития угольного месторождения, сыгравшего большую роль в судьбе города». Жанат Ашимович поблагодарил всех,

кто принял участие в масштабной реставрации Мемориала, увековечив память о погибших шахтерах.

Обращаясь к собравшимся, аким города Сарани Е. Темирханов сказал, что «... профессия горняка была и остается самой сложной, рискованной, но в тоже время самой востребованной и почетной. Благодаря труду шахтеров держится экономика нашего региона. Это и тепло, и свет, и выработка металла, и всё, что связано с углём. Сегодня 45 лет нашей общей памяти погибшим шахтерам. Ежегодно сюда мы приходим семьями с детьми. Уже выросли внуки. Фамилии известных шахтерских династий вписаны в летопись города. Пусть никогда не будет таких трагедий. Вечная память героям. Слава шахтерам...»

Выступая перед собравшимися, директор шахты «Саранская» С. Бамиллер подчеркнул, что память об этой трагедии навсегда останется в сердцах людей. Вместе с тем надо делать все, чтобы не допустить ее повторения!

В ходе митинга так же выступили технический директор УД «Арселор Митал Темиртау» А. Белый, председатель профсоюзного комитета шахты «Саранская» А. Краус.

Вспоминая о трагических днях фев-

раля 1978 года, председатель РОО «Совет ветеранов г. Сарани» Ж. Токушева сказала: «Весь город оцепенел от боли и скорби в те страшные дни... Мы страдали вместе с родными и близкими погибших. Боль и горе невосполнимой утраты наполняют сердца ныне живущих».


Ветеран шахтерского труда, бывший начальник добычного участка, заместитель директора по производству шахты «Сокурская» И. Тесленко отметил, что «...погибшие горняки были лучшими в своей профессии. Это была шахтерская элита! Вечная им Память».

Д. Ахмадуллин, сын погибшего, прославленного бригадира, кавалера Ордена Ленина Абрика Ахмадуллина, поблагодарил всех, кто хранит и чтит память о погибших горняках.

Затем у Мемориала погибшим имамом Саранской городской мечети М. Саликовым была прочитана поминальная сура из Корана, настоятель церкви святителя Тихона г. Сарани В. Бухлеев отслужил литию по погибшим.

Участники митинга Почтили минутой молчания память всех погибших горняков.

Митинг завершили возложением цветов к подножию Мемориала.



ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі айына екі рет жұма күні сағат 15.00-де алдын ала жазылу бойынша азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ 104 кабинетте немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырылады).

Қабылдау әкімдік ғимаратында ZOOM бағдарламасы арқылы, онлайн-режимде, сондай-ақ офлайн режимде өтеді.

«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

Аким города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам два раза в месяц в 15.00 часов по пятницам по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов).

Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме посредством программы ZOOM, а также офлайн.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»

Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

2023 жылғы 18 ақпанда Саран қалалық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда «2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы» шешім қабылданды.

Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.К. Омаров баяндама жасады.

Ол 2023 жылғы 18 ақпандағы сағат 18.00 ахуалы бойынша Саран қаласының аудандық сайлау комиссиялары Саран қалалық мәслихатына ұсынылған 38 кандидаттың 28-ін тіркелгенін хабарлады.

Тіркелген кандидаттар қатарында:
ерлер - 17 (60.71%)
әйелдер - 11 (39.3%).
Мамандықтар бойынша:

инженерлер – 3 (10.71%)
экономистер – 3 (10.71%)
педагогтар – 9 (32.14%)
заңгерлер – 5 (17.85%)
басқалары – 8 (28.57%)
Кандидаттар арасында:
коммерциялық құрылымдардың қызметкерлері – 14 (50%)
мемлекеттік ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлері – 11 (39.28%)
қоғамдық ұйымдардың өкілдері – 1 (3.57%)
уақытша жұмыс істемейтіндер – 2 (7.14%)
2023 жылғы 18 ақпан күні сағат 18.00-ден бастап Саран қалалық мәслихатының депутаттығына тіркелген барлық кандидаттардың сайлау алдындағы үгіт-насихатқа кірісуге құқығы бар, ол 2023 жылғы 18 наурыз күні сағат 00.00-ге дейін жалғасады.

2023 жылғы 16 ақпаннан бастап 18 ақпан аралығында Саран қалалық сайлау комиссиясының № 15 сайлау округі бойынша Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хабары

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының негізінде № 15 сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына келесі кандидаттарды тіркеді:

№	ТАӘ	туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері	Ұсыну әдісі
1	Козаченко Михаил Александрович	1987	«АрселорМиттал Темиртау» АҚ «Саран» шахтасы, директордың орынбасары	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
2	Якимец Виктор Викторович	1980	«АрселорМиттал Темиртау» АҚ «Саран» шахтасы, тазарту кенжарының тау-кен жұмысшысы	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну

2023 жылғы 16 ақпаннан бастап 18 ақпан аралығында Саран қалалық сайлау комиссиясының сайлау округтері бойынша Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хабары

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының негізінде Саран қаласының округтік сайлау комиссиялары Саран қалалық мәслихатының депутаттығына келесі кандидаттарды тіркеді:

№	ТАӘ	туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері	Ұсыну әдісі
№ 3 сайлау округі					
1	Бариев Эрем Камильевич	1987	ЖК Карибаев, басшы	Қарағанды қаласы	«Ақ жол» ҚДП
№ 6 сайлау округі					
1	Кравченко Ольга Владимировна	1990	Кәсіпкерлер палатасының Саран қаласындағы филиалы, менеджер-кеңесші	Саран қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 11 сайлау округі					
1	Ельшибекова Жанар Жумабековна	1985	«Новое телевидение» телеарнасы «Зеленая волна» телебағдарламасының жетекшісі	Қарағанды қаласы	«Ақ жол» ҚДП
2	Садуакасов Жандос Сергазиевич	1988	Түсіп Күзембаев атындағы шахта, жерасты электр слесарі	Ақтас кенті	өзін-өзі ұсыну

Құрметті Саран қаласы мен Ақтас кентінің тұрғындары!

«Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 104 Жарлығына сәйкес «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де Саран қаласы мен Ақтас кентінің тұрғындарын кезектен тыс сайлауға қатысуға құқығы бар азаматтар тізіміне енгізуді тексеру бойынша Call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды.

Әрбір азамат өз учаскесін нақтылау бойынша кеңес алу үшін Call-орталыққа жүгіне алады және өзінің тізімге енгізілуін күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін 7-40-07 телефоны арқылы тексере алады.

Сіз өзіңіз туралы деректерді арнайы құрылған sailau09.kz, senim.call-ortalығы-109.kz сайттарын да тексере аласыз.

2023 жылдың 26 ақпанынан бастап деректерді өзіңіздің сайлау учаскенізде тексеруге болады.

Об итогах регистрации кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата

18 февраля 2023 года состоялось заседание Саранской городской избирательной комиссии, на котором было принято решение «Об итогах регистрации кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата, назначенных на 19 марта 2023 года».

С докладом об итогах регистрации кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата выступил председатель городской избирательной комиссии Омаров К.К.

Он сообщил, что по состоянию на 18 часов 18 февраля 2023 года окружными избирательными комиссиями города Сарани из 38 выдвинутых кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата зарегистрировано 28.

В числе зарегистрированных кандидатов: мужчин - 17 (60.71%)
женщин - 11 (39.3%).

По специальностям:
инженеры – 3 (10.71%)
экономисты – 3 (10.71%)
педагоги – 9 (32.14%)
юристы – 5 (17.85%)
другие – 8 (28.57%)
Среди кандидатов:
работников коммерческих структур – 14 (50%)
работников государственных организаций, предприятий и учреждений – 11 (39.28%)
представителей общественных организаций – 1 (3.57%)
временно не работающих – 2 (7.14%)
С 18 часов 18 февраля 2023 года все зарегистрированные кандидаты в депутаты Саранского городского маслихата имеют право приступить к предвыборной агитации, которая продлится до 00.00 часов 18 марта 2023 года.

Сообщение Саранской городской избирательной комиссии о регистрации кандидатов в депутаты Карагандинского областного маслихата по избирательному округу № 15 с 16 февраля по 18 февраля 2023 года

На основании статьи 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» окружной избирательной комиссией по избирательному округу № 15 зарегистрированы следующие кандидаты в депутаты Карагандинского областного маслихата:

№	ФИО	год рождения	Место работы, занимаемая должность	Место жительства	Способ выдвижения
1	Козаченко Михаил Александрович	1987	АО "АрселорМиттал Темиртау" шахта "Саранская" заместитель директора	город Шахтинск	самовыдвижение
2	Якимец Виктор Викторович	1980	АО «Арселор Миттал Темиртау», шахта «Саранская», горнорабочий очистного забоя	город Караганда	самовыдвижение

Сообщение Саранской городской избирательной комиссии о регистрации кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата по избирательным округам с 16 февраля по 18 февраля 2023 года

На основании статьи 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» окружными избирательными комиссиями города Сарани зарегистрированы следующие кандидаты в депутаты Саранского городского маслихата:

№	ФИО	год рождения	Место работы, занимаемая должность	Место жительства	Способ выдвижения
Избирательный округ № 3					
1	Бариев Эрем Камильевич	1987	ИП Карибаев, руководитель	город Караганда	ДПК «Ақ жол»
Избирательный округ № 6					
1	Кравченко Ольга Владимировна	1990	Филиал в городе Сарани Палаты предпринимателей, менеджер-консультант	город Сарань	самовыдвижение
Избирательный округ № 11					
1	Ельшибекова Жанар Жумабековна	1985	Телеканал "Новое телевидение" руководитель телепрограммы "Зеленая волна"	город Караганда	ДПК «Ақ жол»
2	Садуакасов Жандос Сергазиевич	1988	шахта имени Тусупа Кузембаева, электрослесарь подземный	поселок Ақтас	самовыдвижение

Уважаемые жители города Сарани и поселка Актас!

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 19 января 2023 года № 104 «О роспуске Мажиліса Парламента Республики Казахстан седьмого созыва и назначении внеочередных выборов депутатов Мажиліса Парламента Республики Казахстан» в ГУ «Аппарат акима города Сарани» организована работа Call-центра по проверке включения жителей города Сарани и поселка Актас в список граждан, имеющих право участвовать во внеочередных выборах.

Каждый гражданин может обратиться в Call-центр за консультацией по уточнению своего участка и проверить свое включение в список по телефону 7-40-07 ежедневно с понедельника по пятницу с 09.00 по 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Проверить данные о себе в списке можно на специально созданных сайтах sailau09.kz, call-центр.senim-109.kz.

С 26 февраля 2023 года проверить данные можно на своем избирательном участке.

ҚҰҚЫҚ



Жанқозы Нақышев: «Саран қаласында көрсетілетін қызметті берушілер түбіртектерден пәтер иелері туралы дербес деректерді алып тастайды»

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Дербес дерек деген ұғым бар. Оны біріміз білсек, енді біріміз біле де бермейміз. Дербес деректер дегеніміз адамның жеке басына қатысты кез келген ақпарат. Ол бірнеше түрге жіктеледі: жалпы, арнайы және биометриялық. Осының ішінде адамның аты-жөні, паспорт нөмірі, ЖСН, туған жері мен күні, электронды почтасы, отбасылық, әлеуметтік және мүліктік жағдай, оқу және жұмыс орны, сонымен қатар жалақысы адамның жалпы дербес деректеріне жатады.



Міне, осы дербес деректермен байланысты кез келген ақпарат алаяқтардың басты құралына айналуы мүмкін. Кейбірі оның тек адамның жеке

басына қатысты дербес дерек екенін аңғармай таратады. Енді бірі білсе де, оның салдарына мән бермейді.

Сондықтан да бізде кез келген азаматтың дербес деректерін қорғайтын арнайы заң бар. Ол заң «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы деп аталады. Міне, осы заңның талаптарын бұзған кез келген жеке және заңды тұлға қатаң жауапқа тартылмақ.

Жуырда Саран қаласының прокуратурасы қала аумағындағы коммуналдық қызмет көрсететін мекемелерде азаматтардың дербес деректерін және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуына талдау жүргізді. Нәтижесінде қалалық прокуратура Саран қаласы әкімдігінің Саран қаласы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы,

жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Саранкоммунсервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының нормаларының өрескел бұзылатындығын анықтаған.

Прокуратура өкілдерінің мәлімдеуінше, аталған заңбұзушылық өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтеріне төлем жүргізілетін құжат болып табылатын **түбіртектер** анықталған. Атап айтқанда, «Саранкоммунсервис» ұйымының 2022 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейін ұсынған төлем құжатын зерделеу барысында, 12200 жеке меншік иелерінің толық жазылған тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бас әріптері) көрсетілетіні белгілі болған.

«**Іс жүзінде, «Саранкоммунсервис» қала аумағында үйлерге төлем құжатын жеткізу кезінде, пәтердің болсын не жер үйдің сыртқы темір кіреберіс есігіне, түбіртекті ашық түрде орналастырып кететіні анықталды.**

Заңның 20-бабы 1-тармағына сәйкес дербес деректер қорғалуға жатады, оған мемлекет кепілдік береді.», - дейді Саран қаласының прокуроры Жанқозы Нақышев.

Яғни, шаһардың бас прокуроры Жанқозы Олжабайұлының айтуына қарағанда, осы уақытқа дейін «Саранкоммунсервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін тұтынатын 12200 қала тұрғынының қорғалуға жататын дербес деректеріне қатысты құқықтары бұзылғаны мәлім.

Демек, «Саранкоммунсервис» алдағы уақытта меншік иелеріне төлем құжаттарын қағаз жүзінде жеткізгенде, меншік иелерінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты мүлдем көрсетілмейді», - дейді прокурор Жанқозы Олжабайұлы.

Қала прокурорының айтуынша, бүгінгі таңда аталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында Саран қаласы әкімінің атына ұсыну енгізіліп, нәтижесінде түбіртектер 12 200 жеке тұтынушылардың толық жазылған тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бас әріптері) алынып, жауапты лауазымды тұлға тәртіптік жазаға тартылды.

«Заң бәрімізге ортақ. Сондықтан, біз өз тарапымыздан, шаһардағы жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган ретінде барлық заңдардың қатаң сақталуын, кез-келген азаматтардың құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ететін боламыз», - дейді Саран қаласының прокуроры Жанқозы Нақышев.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ел Президенті 2019 жылғы 3 қыркүйектегі Жолдауында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі орган ретінде қазақстандық полицияның ахуалын оңтайландыруды жолға қойды. Осы бағдарламалық құжатты іске асырудың маңызды бағыты соңғы жылдары жасалып жатқан құқық қорғау жүйесін реформалау болып табылады.



РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

Как патриот своей страны и общественный деятель я положительно воспринимаю масштабные политические, экономические и социальные изменения, которые происходят в Казахстане на протяжении последних лет, - говорит Юлия Бадина, председатель филиала партии «Аманат» по г. Караганде. - Считаю, что одной из основных целей на данном этапе развития нашей страны является продолжение планомерной работы по реализации инициатив Главы государства, заложенных в рамках конституционной реформы. И, конечно, не менее важно двигаться в направлении укрепления согласия и мира, консолидации казахстанского общества.

ӨНЕГЕ

СЫР-СҰХБАТТА КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕГІ



Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ
Суретті түсірген автор

Осыдан 100 жыл бұрын құрылған Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, жастарды тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады. Бір ғасыр тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп жүр.

100 жыл мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал колледж ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті. Түлектері Республикамыздың барлық аймақтарында қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап

өту қажет.

Осы орайда колледждің мәртебесін көтеріп, абыройын асқақтатып жүрген талантты да талапты, білімді де білікті хәм көпке үлгі, өнеге етіп көрсете алатын бетке ұстар түлектерін колледж қабырғасында тәлім алып жатқан студент жастармен бетпе-бет жүздестіру, сұхбаттастыру, олардың балалық шағынан бастап күні бүгінге дейінгі өткен өмір жолымен өз өмірлерін салыстырып, жалпы өмірге деген, адамдар арасында болатын түрлі жағдайларға деген қарым-қатынастарына баса назар аудартып, олар игерген мамандықтың қыр-сырымен танысып хәм түсініп, түйсігіп, сол арқылы өз бетінше ой қалыптастырып, өмірге және өздері оқып жатқан мамандықтарына деген жаңаша ой қалыптастырып, жастарды бейімділікке тәрбиелеу мақсатында колледждің «Жігер» студенттер парламентінің мұрындық болуымен «Сыр-сұхбат» бағдарламасы ашылған болатын. Күні бүгінге дейін аталмыш бағдарлама аясында студент жастар осы қара шаңырақтан түлеп ұшқан бірталай түлектермен, колледж қабырғасында талай жылдар тынымсыз еңбек етіп, бүгінде облысымыздың түпкір-түпкірінде білім саласына қызмет жасап жүрген білікті мамандарды тәрбиелеп шығарған ұлағатты ұстаздармен сұхбаттасып үлгерді.

Осындай тағылымы мол игі шара колледж қабырғасында өткен аптада жалғасын тапқан болатын. Бұл жолы колледждің 2021 жылғы түлегі Сәби Сәулетұлы «Сыр-сұхбат» бағдар-

ламасының құрметті қонағы атанды.

Сәби Сәулетұлы 2001 жылы осы Саран қаласында дүниеге келген. 2017 жылы тоғызыншы сыныпты аяқтай салысымен, ол осы колледжге «Қазақ тілі және әдебиеті пәні» мамандығы бойынша оқуға түсуге ниет білдіреді. Алайда, өкінішіне орай бұл мамандық бойынша гранттық орындар бос болмағандан кейін, ол «электрик» мамандығына тапсырып, грантқа өтеді. Онда бір курс оқығаннан кейін, 2018 жылы өзі армандаған «Қазақ тілі және әдебиеті пәні» мамандығы бойынша грантқа қайта тест тапсырып, ақыры диттеген мақсатына жетеді. Содан Сәби Сәулетұлы қара шаңырақ қабырғасында кураторы Бақытжамал Сағындыққызының жетекшілігімен 4 жыл қатарынан білім алып, 2021-де оқуын қызыл дипломмен тәмамдап шығады. Оқыған жылдары Сәби жәй ғана қатардағы қарапайым студент болған жоқ. Ол осы колледждің ең белсенді әрі білімді студенттерінің бірі ретінде таныла білді. Колледж қабырғасында оқу оқумен қатар, Сәби Сәулетұлы қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі жарыстар мен конкурстарға қатысып, топ жарып жүрді. Ол өз білімін тек колледж бағдарламасындағы білім процесімен ғана емес, басқа да оқудан тыс бағдарламалар бойынша өз білімін үнемі жетілдіріп отырды. Осылайша ол өзінің болашақ ұстаздық жолына мол тәжірибе жинақтап, 4 жылдан кейін дап-дайын маман болып түлеп шықты.

Қазіргі таңда Сәби Сәулетұлы шаһардағы № 17 мектеп-гимназиясында орыс тілді балаларға «қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен ұстаздық етіп жүрген жайы бар.

Кездесу барысында Сәби Сәулетұлы студент жастармен осы колледж қабырғасындағы өзінің студенттік кезеңі жайлы, өзінің өмірі, отбасы, жұмысы жайлы қызықты деректерді айтып беріп, оқуда үздік студент, еңбекте табысты маман болудың тәжірибесімен, қыр-сырымен бөлісті. Сұхбат барысында колледж жастары өздеріне керек деген көптеген мағлұматтармен қанығып, мазалап жүрген сұрақтарына қызықты әрі тұщымды жауап ала алды.

Жеке тұлғалық қасиетке қол жеткізу тақырыбына баса тоқталып өткен Сәби Сәулетұлы, өзінің алға қойған мақсаттары туралы да қызықты әңгімелер өрбітті.

Басқосу барысында студенттер еркін сұрақтар қойып, пікір алмасып, өздеріне үлкен ерік-жігер беретін әдеби кездесудің куәсі бола алды.

Әдеби кездесудің тізгінін ұстаған жүргізушілері Дария Ағзамова мен Ислам Еркебұлан жас жас маманның еңбек жолына қысқаша тоқталып, одан жастардың кітап оқу мәдениеті туралы ойын сұрап өтті. Ал кездесу кешін қортыналаған колледждің студентті Ислам Еркебұлан кеш қонағы Сәби Сәулетұлына колледж ұжымының атынан алғыс айтып, арнайы колледж директоры – Владимир Закомлиннің «Алғыс хатын» табыстады.

ӘЗІЛ ӘЛЕМІ

«АҚТАС ҰШҚЫНДАРЫ» ӘЗІЛ АЛАҢЫНДА

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Қазіргі таңда JAIDARMAN ойындары – жастарға тек қана көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, қоғамдағы ойларды, маңызды мәселелерді қозғап, достық қарым-қатынастың нығайуына септігін тигізуде. Иә, бүгінгі таңдағы JAIDARMAN ойындары жастар арасында қарқынды дамуда. Себебі, JAIDARMAN – жастарды тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдағы келеңсіз мәселелерді астарлы әзілмен жеткізуде.

Ақтас кентіндегі № 16 жалпы білім беретін мектептің оқушыларынан құралған «Ақтас ұшқындары» командасы «Маусымашар – 2023» фестивалінде жақсы деңгейде өнер көрсетіп, «Bala Jaidarman» лигасының телевизиялық

жобасына қатысу үшін сертификат ұтып алды.

«Ақтас ұшқындары» құрамы – Гүлзат Шағарғазы, Сұлтансері Жақсылықов, Ерсұлтан Орынбасар, Толғанай Сейілхан, Жаңыл Асылғазиева есімді өнерлі өрендерден құралған. Команда 2022 жылдың қазан айында құрылған екен. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында өткен қалалық байқауда «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығына қарасты қазақша КВН үйірмесінің меңгерушісі Алданыш Мұсабековтың жетекшілігімен екінші орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алған болатын. Бұл жолы да ақтастық әзілкерлер жүрісінен жаңылмады. Облыстық кезеңде өткен фестивалде «Ақтас ұшқындары» командасы сертификат иеленіп, республикалық жайдарман ойындарына жолдама алды. Өнерлі, әртістік қабілеті зор, әзіл айта білетін жастарымызды анықтау, әзіл арқылы қоғамдағы келеңсіз жайттарды жеткізу, оқушылардың тілдік қорын дамыту, аңғарымпаздық қасиеттерін байқау мақсатында өткен «Маусымашар – 2023» фестивалінде республика бой-



ынша 200 команда өз ара бақ сынасқан екен. Ал сол 200 команданың ішінде «Bala Jaidarman» лигасында республика бойынша 10 команда қатысса керекті.

Осылайша, үстіміздегі жылдың 29 қаңтары мен 5 ақпаны аралығында Астанада өткен «Жайдарман» ойындарының 2023 жылғы маусымының ашылуында өнер көрсеткен «Ақтас ұшқындары» тобы «Маусымашар – 2023» «Bala Jaidarman» лигасының телевизиялық жобасына қатысу үшін сертификат ұтып алды.

Өз кезегінде команда жетекшісі Алданыш Мұсабеков, осы ойындарға қатысу үшін «Ақтас ұшқындары» командасына қаржылай демеушілік жасап, қолдаған кәсіпкерлер Валерий Алексеевич Лобаевке, Виталий Андреевич Климовқа, «СКЭП» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің басшысы Шәріп Машрабұлы Исеновке, сонымен қатар, «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы басшысының міндетін атқарушы Арман Қайратқызы Жұмабековаға, № 16 жалпы білім беретін мектептің директоры Шынар Садвақасовна Ускенбаеваға, директордың орынбасары Индира Болатқызы Бейсенбаеваға, сынып жетекшісі Гүлім Сейілханқызы Жанболатоваға алғысын жеткізді.

Ақтастық әзілкерлерге шығармашылық табыстар мен биік белестерді бағындырып, кент мәртебесін биіктете берулеріне тілектестігімізді білдіреміз. «Ақтас ұшқындары» командасы тек Ақтас кентінің ғана емес, Саран қаласының да мақтанышы. Алдағы ойындарына сәттілік тілеп, жеңіспен оралуларына тілектестіміз!

1 МАРТА - ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ

Команда карагандинских спасателей вернулась из Турции

gov.kz

В Караганде встретили спасателей, прибывших из Турции.

В ликвидации последствий разрушительного землетрясения участвовали 15 карагандинцев – сотрудников ДЧС и Центра медицины катастроф. В зоне бедствия они работали с 8 февраля.

С начала проведения поисково-спасательных работ в трёх регионах Турции силами спасателей МЧС Казахстана были спасены семь человек, извлечены тела 88 погибших, в том числе 10 детей. Спасатели вручную, а также с привлечением инженерной техники, аварийно-спасательного оборудования, шанцевого инструмента разобрали более 250 тысяч кубометров завалов.

Жители Турции неоднократно высказывали слова благодарности казахстанским спасателям за помощь и профессионализм.



Достигнутая цель - это конечная точка мотивации

Камила ОСПАНОВА

«Каратэ можно рассматривать как конфликт с самим собой, или марафон длиной в жизнь, который можно выиграть только с помощью самодисциплины, тяжёлых тренировок и ваших собственных творческих усилий»

- Сесин Нагамина



Рассуждая о каратэ – надо понимать, что это понятие многогранное.

Существует много различных школ и видов данного боевого единоборства. Более того, внутри каждой школы есть и несколько своих направлений, которые заметно отличаются друг от друга. Каратэ это древнее боевое единоборство, термин, объединяющий в себе довольно много различных, часто непохожих видов боевых искусств.

Самые популярные разновидности каратэ, WKF; Сито-рю; Годзю-рю; Киокушинкай (кекусинкай, киокусинкай); Ашихара-каратэ (асихара); Шотокан (сетокан); Косики-каратэ; Вадо-рю.

12 февраля в спортивном зале СШ №6 состоялось Открытое Первенство клуба «Годан» по Фунакоши каратэ.

Знаменательно, что наш город Сарань стал местом для соревнований по данному виду спорта для более ста



юных спортсменов из городов: Караганды, Темиртау, Шахтинск, Сарань.

